

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 5 желтоқсандағы N 1243 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1999 жылғы 20 мамыр N 593. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.12.27. N 1404 қаулысымен

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Жекелеген тауарлардың әкелінуі мен әкетілуіне шектеу енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 5 желтоқсандағы N 1243 P981243_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1998 ж., N 45, 410-күжат) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

қаулының кіріспесі мен көрсетілген қаулыға 1 және 2-қосымшалардың атауындағы "кеден аумағына", "кеден аумағынан" деген сөздер тиісінше " аумағына", "аумағынан" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда м и н и с т р л і г і :

"Қазақстан Республикасында тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) экспорты мен импортын лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 30 маусымдағы N 1037 P971037_ қаулысымен бекітілген тәртіпке сәйкес осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес тауарларды әкелуге квоталарды бөлуді және лицензия беруді қамтамасыз етсін;

1999 жылғы шілде мен желтоқсанда жекелеген тауарларды әкелу мен әкетуді уақытша шектеудің нәтижелері туралы Қазақстан Республикасының Үкіметіне а қ п а р а т б е р с і н . " ;

көрсетілген қаулыға 1-қосымшада:

"Бір жылға арналған квотаның мөлшері" деген бағандағы "5000" деген сан " 8000" деген санмен ауыстырылсын;"

"Тауардың атауы" деген бағандағы "Ұшқыннан оталатын ішкі жану поршеньді двигательдеріне арналған бөлшектер; басқа бөлшектер" деген сөздер " Ұшқыннан оталатын ішкі жану поршеньді двигательдеріне арналған поршеньдер , цилиндрлердің гильзалары, поршень шығыршықтары*" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

мынадай мазмұндағы ескертпемен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының аумағына әкелген кезде тауардың квоталанатын тауарлардың тізбесіне тиесілігі СЭҚ ТН кодымен де, оның атауымен де

а й қ ы н д а л а д ы . " .

2. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі бұрын қабылданған шешімдерді осы қаулыға сәйкес келтірсін.

3. Осы қаулы жарияланған күнінен бастап қолдануға енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК